

## THE PROBLEM OF ENERGY SECURITY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Salkyhbaeva A.T.

[s.asiya\\_89@mail.ru](mailto:s.asiya_89@mail.ru)

Kazakh National University named after Al Farabi. Almaty, Kazakhstan

**Key words:** security, energy, energetics, environmental safety

**Abstract.** The article considers the energy security of the Republic of Kazakhstan. Also in the article the concept and types of energy security are considered. Today, energy security is one of the main global problems, the article also discussed some solutions of the problem. The project calls for the integration of environmental and economic policies for sustainable development. Such as, rational use of natural resources, the development of a new paradigm based on the principles of low emission, issues of green urban planning.

Green economy is a way of improving human well - being, significantly reducing the depletion of the environment.

Ideological Kazakhstan's initiative involves promoting of reinforcement and enhancing of cooperation in the world and the creation of political partnership. For a growing economy of Kazakhstan, the environment become more important every year.

УДК 349.6:5053

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ

А.Т. Салыхбаева

[s.asiya\\_89@mail.ru](mailto:s.asiya_89@mail.ru)

*ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

**Тірек сөздер:** Қауіпсіздік, энергия, энергетика, экологиялық қауіпсіздік.

**Аннотация:** Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігіне арналған. Мақалада энергетикалық қауіпсіздік ұғымы, қауіпсіздіктің түрі қарастырылған. Энергетикалық қауіпсіздіктің бүгінде әлемде күрделі мәселе екендігі және осы мәселені ұлттық деңгейде шешу жолдары қарастырылуда.

Балама қуат көздерін қолдану, тұрғындардың таза ауыз суды тұтынуы және өндіріс қалдықтарын қысқарту мақсаттарын жүзеге асыру барысында ауқымды жұмыстар бар. Экономиканың дамуы жоғары еңбек өнімділігінің және еңбекке қабілетті халқымыздың жұмыспен қамтылуына негіз болады.

«Жасыл» экономика экономикалық дамудың, жай ғана экономикалық емес, сондай-ақ инновациялық, дағдарыстан кейінгі, индустрияландырудан кейінгі тұрақты дамудың жаһандық тренді болып табылады. Энергия – ғылымды, білім мен бизнесті, кәсіпкерлікті біріктіруші фактор деп аталады.

«Жасыл» экономика қалпына келтіретін ресурстарға аз қол тигізіп, жел энергиясын, күн энергиясын пайдалану мағынасында ұғынылуы тиіс. Қазақстан бұл жобаларды жүзеге асыруға кірісті.

Әлем бүгінде энергетикалық қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударуда, елдің экономикалық дамуына өз өрнегін салып, болжамдық көрсеткіштерден бастап болашақ жоспарларға дейін қайта пысықтауға итермелегені анық. Соның ішінде энергетикаға қатысты ұстанымдар да ауқымды түрде өзгерістерге ұласып отырғаны белгілі. Еліміздің алдыға мақсат етіп қойған даму жолын алып қарастырсақ, ең басты сүйенеріміз де энергетика саласы болып қалмақ, оған Астанада өтетін «Экспо-2017» көрмесі мен Қазақстанның «Жасыл экономикаға» өту саясаты. Мәңгілік елдің әлемнің озық дамыған 30 елінің қатарында кіруі АҚШ, Германия, Жапония сияқты қоршаған ортаны қорғау мен оны тиімді пайдаланудың тетігін зерттеп, бүгінде тәжірибеде кеңінен

пайдаланатын мемлекеттерден және халықаралық тәжірибеден үйренетіні аз емес. Жасыл экономикаға өтудің тиімділігі мен оңайға түспейтіндігі мәлім. Келешек ұрпаққа тәуелсіз, экономикасы тұрақты, қолайлы қоршаған ортаны қалыптасыру міндеттеліп отыр. Экономика саласындағы шығын, яғни басты салалар бойынша, оған: өндірістік қуаттар, ауылшаруашылығы және өзге де салалардың тиімсіз қызмет атқаруы қолдан жасалған шығынға әкеліп отыр. ҚР Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы халқына жолдауында және “жасыл экономика” тұжырымдасында мемлекеттің тұрақты дамуының басты тетігі оның тәуілсіз егеменді ел болуында, халықаралық саясат аренасында өз мүддесін қорғай алатын қауіпсіз ел ретінде орнығуы. Қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі бірнеше факторларға тәуелді болады, оған саяси, экономикалық тәуелсіздік негіз. “Жасыл экономика” саясаты осы екі факторды қамтамасыз етудің алғы шарты. Осы тұста айта кететіні жайт, 2010 жылғы жолдауда азық-түлік қауіпсіздік мәселесінде өзекті екенін атап өткен. Жер халықын жеткілікті тамақтандыру, яғни адам санының өсуі азық-түлік дағдарысына әкеліп соқтырады деген болжам жаһандық деңгейде көтерілуде. Оған қоса елдегі табиғи ресурстардың сарқылу болжамыда жасалып, қанша уақытқа жеткендегіде айтылды. Су мен энергетика саласын инновациялық тұрғыдан жетілдіру өте маңызды екені анық. Қазақстанның аумақтық орналасуы қандай да болмасын теңіз және мұхитпен шектеспейтіндігі елдің су қауіпсіздігіне, тұтастай алғанда тәуелсіздікке қауіп төндіріп тұр.

Қазақстан Конституциясы адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің басқа мүдделеріне қарағанда, басым сипатта мойындайды. Бұл, ең алдымен, қоғам мүшелері өмірінің, денсаулығы мен игілігінің шынайы және әлеуетті қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі.

Мемлекет басшысының индустрияландыру бағдарламасына сәйкес әрі алдағы уақытта атқарылатын өндірістік қуаттарды оңтайлы орналастыру жоспарына орай, еліміздің энергетика мәселесі одан сайын өзекті бола түседі. Яғни, кез келген жобаны жүзеге асырудың негізгі тұғырында мұнай-газ, электр энергетикасы және соңғы кездері Қазақстанның қарқын ала бастаған саласы - атом өнеркәсібі ерекше рөл ойнайтын болады. Ел басы Н. Назарбаевтың пайымдауынша, “әлемдік саясаттағы энергетикалық фактордың түсінігі аясын әдістемелік тұрғыда біршама кеңейте түсуді ұсыну арқылы әжептәуір қызықты тұжырымдарға келуге болады, ал олар қазіргі замандағы кейбір іргелі процестердің мән-маңызы мен түп-тамырын айқын әрі ашық түсінуге мүмкіндік береді”.

Энергетика мәселесі ұлттық қауіпсіздіктің бір нысаны. Қауіпсіздік ретінде азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің өмірлік мәнді мүдделерінің, ұлттық құндылықтарының, өмір салтының әртүрлі (саяси, экономикалық, әскери, экологиялық, психологиялық және тағы басқалар) ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалғандығы түсініледі. Ұлттық қауіпсіздік өзара байланысты үш деңгейден тұрады: жеке адамның қауіпсіздігі, қоғамның қауіпсіздігі және мемлекеттің қауіпсіздігі. Олардың өзара байланысы қозғалмалы және қоғамдық қатынастардың сипатымен, саяси және экономикалық құрылымдармен, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның даму деңгейімен анықталады [1].

Кейінгі кездері энергетикалық қауіпсіздік деген ұғымды түсіну аясы өзгеру ағымы байқалуда. Ал бұрын оны тұтынушыларды энергетикалық ресурстармен тұрақты қамтамасыз ету ғана деген пайымда болса. Қазір оған қуат көздерін халықаралық нарықта өндіру, тасымалдау мен сату қамтылады. Сатушы елдер мен транзитті елдер, тұтынушылар мен трансұлттық энергетикалық корпорацияларға дейінгі энергетикалық тізбектің барлық бұтақтары энергетикалық қауіпсіздік үшін бірдей жауапты болуға тиіс екені реттеу мәселесі алға қойылған.

Электр энергетикасы саласындағы басты мәселесі – энергетикалық активтердің тозығы жетуінде. Қондырғылардың 20 пайызы өздерінің жұмыс істеу шегінен асып кетті, соның салдарынан апаттар мен істен шығулар саны өсіп отыр.

Дамыған елдер демекші, Қазақстан ЖІӨ-нің 1 доллары үшін озық елдерге қарағанда, 5-6 есеге көп электр энергиясын жұмсайды. Үнемшіл елдермен салыстыра қарасақ, энергетикалық ысырап бойынша қазақ елі тағы да алдына жан салмасы анық. Сондықтан да сараланған тарифті енгізумен қатар, энергия үнемдеудің қосымша тетіктері, жаңартылатын энергия көзін пайдалану мәселесі әлі де қолдауға сүйеніп, түрлене түсетін болады. Бұдан бөлек, жиын барысында энергетиктер электр энергиясына инвестициялық тартымдылықты арттыру, энергия тиімділігі мен энергетика

кәсіпорындарының жауапкершілігін күшейту, энергия үнемдеу бағытындағы инновациялық қызметті кеңейте түсу шараларына баса ден қойып отыр. Басқосу барысында айтылған мұндай ұсыныстар 2010-2014 жылдарға арналған салалық бағдарламада, 2020 жылға дейінгі еліміздің электр энергетикасын дамыту тұжырымдамасында ескерілмек. Жалпы алғанда, индустриялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында энергетика инфрақұрылымын қамтамасыз ету бойынша бірқатар мақсаттық көрсеткіштер межеленеді. Атап айтқанда, 2014 жылға дейін еліміздегі электр қуатын 97,9 млрд кВтс-қа дейін жеткізу, көмір өндіруді 123 млн тоннаға дейін арттыру алдыға мақсат етіп қойылған. Ал балама энергия көздері бойынша өндірілетін қуатты 2014 жылға дейін жылына 1 млрд кВтс-қа жеткізу күтіледі.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жоғарыда келтіріген мәселелерді шешу үшін ең алдымен оның құқықтық қамтамасыз етілуі тиіс. Мұнда басты рольді экологиялық құқықтың нормалары атқарады. Табиғи ресурстарды пайдалануда экологиялық құқық экологиялық қатынастарды екі деңгейде реттейді, олар; ұлттық деңгейде және халықаралық деңгейде. Өз кезегінде экологиялық құқықтың нормалары экологиялық құқықтың қағидаларына негізделуі тиіс. Белгілі қазақстандық ғалым Н.Б.Мұхитдиновтың, «қағидалар құқық нормаларында әр қилы бекітіледі, олардың кейбірі сәйкесінше берілген нормалардан айқын көрінсе, кейбірі құқықтың белгілі бір саласының не институтының нормаларын талдау арқылы көрінеді. Бірақ олардың барлығы заң шығарушының қоғамдағы экономикалық және саяси заңдылықтарды ескере отырып анықталады», дейді. Сондықтан экологиялық құқықтың қағидалары энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде негіз болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде экологиялық заңнаманың төмендегідей қағидалары бекітілген: Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз ету; экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экологиялық қатынастарды реттеудегі экожүйелі көзқарас; қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару; қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде залал келтіруді болдырмау жөнінде алдын алу шараларының міндеттілігі; қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі; жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады. Бұл қағидалардың кейбірі экологиялық заңнама тән қағида емес, бірақ олар табиғатты пайдалануда, еліміздің экономикалық әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Мысалы Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы қағидасы. Бұл қағида біз қарастырып отырған энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің дінгегі екендігі даусыз. Өз кезегінде «әр мемлекет қоршаған ортаның ұлттық жүйесіне қатысты, өзіне қажетті саясат жүргізу кезінде заманауи халықаралық құқықтың жалпы мойындаған принциптері мен нормаларын сақтауға міндетті».

Экономика мен саясаттың және білім мен тапқырлықтың тағы бір тоғысуы ЭКСПО-2017 «Болашақтың энергиясы» атты Халықаралық көрмесі. Осыған сәйкес, ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттерде анық, оған:

1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру;

2) қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;

3) қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын арттыру;

4) ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін арттыру болып табылады.

Осыған байланысты «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама үш кезеңмен іске асырылады:

2013-2020 жж. – осы кезеңде мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылымды құру болады;

2020-2030 жж. – қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым базасында суды ұқыпты пайдалануға, жаңартылатын энергетика технологияларын дамытуды көтермелеп, ынталандыруға және оны кеңінен пайдалануға, сондай-ақ құрылыстарды энергия тиімділігінің жоғары стандарттарының базасында салуға бағдарланған ұлттық экономиканы жаңарту басталады;

2030-2050 жж. – ұлттық экономиканың табиғи ресурстардың жаңартылуы мен орнықтылығы

қағидаттарында пайдалануды талап ететін «үшінші өнеркәсіптік төңкеріс» деп аталатын қағидаттарға көшуі [2].

Қорыта келгенде, алға қойылған міндет альтернативті энергия көзін ойлап табу, оны қорғау мен реттеуді құқықтық қамтамасыз ету арқылы шешу. Энергия көзін тиімді пайдалану мен оңтайлы қорғауды қамтамасыз ету және оның құқықтық реттеу тетігін бірегейлендіру арқылы алға қойылған нәтижеге қол жеткізуге болады. Энергетикалық қауіпсіздік тікелей экологиялық қауіпсіздіктің басты институтына айнала отырып елдің экономикалық, әлеуметтік және халықаралық аренадағы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қауіпсіздік жай-күйінің арақатынасы және оларды реттеу мәселелерін толық зерттеу, заң шығармашылығы мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру арқылы тәжірибеде қолдануға кең мүмкіндік аламыз.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] <http://alashainasy.kz/politic/energetikalyyik-kondyirgyilar-kartayyip-baradyi--11519/>  
[2] "Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға" көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығына түсіндірме

#### REFERENCES

- [1] <http://alashainasy.kz/politic/energetikalyyik-kondyirgyilar-kartayyip-baradyi - 11519/>  
[2] ""О Концепции по переходу Respubliki Kazahstan k "zelenoj jekonomike"" Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 30 maja 2013 goda № 577

### ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Салыхбаева А.Т.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби.г. Алматы, Казахстан.

**Ключевые слова:** безопасность, энергия, энергетика, экологическая безопасность.

**Резюме:** В статье рассмотрена энергетическая безопасность Республики Казахстан. Также рассмотрены понятие и виды энергетической безопасности. На сегодняшний день энергетическая безопасность – одна из главных глобальных проблем. Рассмотрены некоторые решения проблемы. Проект содержит призыв к интеграции экологической и экономической политик по устойчивому развитию, такие как рациональное использование природных ресурсов, разработка новой парадигмы, основанной на принципах низких выброса, вопросы зеленого градостроения.

«Зеленая» экономика – это путь повышения благосостояния людей, существенно снижающий обеднение окружающей среды.

Идейная инициатива Казахстана подразумевает содействие укреплению и улучшению сотрудничества в мире и создание политических рамок партнерства. Для растущей экономики Казахстана вопросы окружающей среды с каждым годом приобретают большую значимость.

#### Сведения об авторе:

**Салыхбаева А.Т.** - Магистр права. Преподаватель кафедры таможенного, финансового и экологического права юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби.г. Алматы, Казахстан.

**Салыхбаева А.Т.** - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

Заң факультеті, Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі.

**Salkyhbayeva A.T.** - Master of Law. Lecturer, Department of Customs, fiscal and environmental law at the Kazakh National University named after Al-Farabi.g. Almaty, Kazakhstan. Telephone: 8701 7757675

Поступила 26.09.2014 г.